

Қарғалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 101 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37 баптары, Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы, 3 тармағы, 2) тармақшасына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ :

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарғалы аудандық
мәслихатының төрағасы

С. Аманжолов

Қарғалы аудандық мәслихатының 2023
жылғы 20 желтоқсандағы № 101
шешіміне қосымша

Қарғалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м ³
1	Жайлы жіне жайлы емес үйлер	1 түрғын	1,05
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, карттар үйлері және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің басқа орталықтары	1 орын	0,83
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,52
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,18
5	Мекемелер, үйымдар, оғистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,36

6	Емханалар, медициналык орталықтар	1 келіп кету	0,002
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,54
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,14
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,02
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,20
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,02
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері	сауда алаңы 1 м ²	0,23
	Аралас дүкендер		0,08
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,23
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,32
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,12
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыйырындысы	Жалпы алаңы 1 м ²	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,42
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	3,15
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	4,18
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-

25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	6,5
26	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательеци	Жалпы алаңы 1 м2	0,18
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,2
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,17
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,003
31	Бау-бакша кооперативтері	1 участке	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК